

ELEMENT

FOR THE

## ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ӘУЕЗОВ ЖАЙЛЫ ҒҰМЫРНАМАЛЫҚ КІТАП ЖАЗҒАН ЗЕРТТЕУШІ СЫР БОЙЫНДА БОЛДЫ

Қазақтың аса көрнекті классик жазушысы Мұхтар Әуезовтің өмір жолы мен шығармашылығын сөз ететін кітаптар жеткілікті. Дегенмен, солардың барлығы дерлік кеңестік танымның шеңберінен шыға алмай, қаламгерге қатысты көп жайларды қаперден қалыс қалдырып қойғаны тағы жасырын емес. Міне, осы олқылықтың орнын толтырудың орайы еліміз егемендігін алғаннан кейін ғана мүмкін болды десек, 2006 жылдың күзінде Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, зерттеуші ғалым Николай Анастасьев “Триумфатор трагедиясы” атты кітапты жарыққа шығарды. Бұл – ұлтымыздың ұлы жазушысының әлем әдебиеті дамуы аясында қарастырылуы бағытында жасалған алғашқы адым. Жақында осы тамаша туындының авторы облыс әкімі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің арнайы шақыруымен Қызылорда қаласына келіп, аталмыш фолианттың тұсаукесерін өткізіп қайтты.

Бір қызығы, орыс әдебиет зерттеушісі Николай Анастасьевтің Мұхтар Әуезов тақырыбына барып, оның шығармашылығына тереңдеп баратын еңбек жазып шығуына Мұхтар Құл-Мұхаммед бұдан 6 жыл бұрын министр болып тұрған кезінде қолқа салған екен. Бұл жайында ол өзінің “Егемен Қазақстан” газетінің 2006 жылғы 28 қазандағы нөмірінде жариялаған “Әуезов әлемі” деген мақаласында кең әңгімелеп өтеді. Онда Мәскеу баспасының “ЖЗЛ” сериясы бойынша шығарыла бастаған кітаптарының ерекшеліктеріне тоқтала келе, жаңа жобаны жүзеге асыру барысында Мәскеу-Алматы-Семей-Бөрілі-Қарауыл аралығын шарлаған жолдардан туған бұл туындының артықшылықтарын санамалап береді. Мәскеулік зерттеушімен бұл жолы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Студенттер сарайының төрінде өткен жылы рәуішті жүздесуде де осы жайында емен-жарқын естеліктер айтылды.

– Біздің ортамызға келген мәртебелі мейман Николай Анастасьев әлемдік деңгейдегі есім, – деді кездесуді ашқан Мұхтар Абрарұлы. – Ол бұған дейін Әуезов мектебінің түлегі, даңқты жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов туралы кітап жазған болатын. Оның бүгінгі еңбегінен біз әлемнің Хемингуэй, Фолкнер сынды алыптарымен шендестірілген ұлы Әуезовті көреміз. Сөз жоқ, Николай Аркадьевичтің Әуезов тегіне тереңдей баруы бүгінгі ұрпақ үшін де орны бөлек олжа. Зерттеуші Әуезов еңбегіндегі дала данышпандарының батыс философиясымен қалай үндесетініне дейін бойлай білген.

Басқосуда Қазақстан үшін әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарынан орын алу жолында осындай орасан зор рухани күш-қуаты бар кітаптардың да қажет болатыны баса айтылды. Өйткені, бұл кітап қазақ халқының ұлы жазушысына, “Абай жолы” секілді қазақтың бас кітабына әлем назарын аударуға бағытталған. Осы жолы зерттеушімен Сыр бойына бірге келген белгілі мәдениеттанушы Мұрат Әуезовтің де кездесуде айтары аз болмады. Өзінің сөзінде Мұрат Мұхтарұлы бұған дейін “Абай жолы” роман-эпопеясы туралы

5 рет үлкен аударма еңбек жазылғанын, бірақ бұлардың бәрі де толққанды болмағанын ауызға алды. Бұл кемшілікті қазақ жерінен шыққан әлемге әйгілі орыс-корей жазушысы Анатолий Ким толтырса, өз кезегінде Николай Анастасьев оның ғылымилығын арттыра түскен. Оның ең басты құндылығы, қазақтың дәуірлік шежіресі – “Абай жолының” бүгінгі көзқарас деңгейінде тарқатылуы, әлем әдебиеті өкілдерімен жарыстырыла жарқырауы болмақ. Сөз кезегін алған Николай Анастасьев өзінің бұл еңбекті жазуына кезінде нақты бастамашы болған Мұхтар Құл-Мұхаммедке алғыс білдіріп, Әуезов әлемінің алып бәйтерек екеніне тоқталды. “Әуезов – тоталитарлық тұсаудан адымын жаза алмаған алып, – деді ол сөзінде. – Сондықтан оның бүкіл болмысындағы арман-мақсаттарын ашып көрсету – жас ұрпақтың міндеті. Менің еңбегім соған септігін тигізіп жатса, өз парызымның орындалғаны деп білемін”.